

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тәрбие сағат .Тақырыбы:«Көрісу күні»

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/83309/>

Тақырыбы: «Көрісу күні»

Мақсаты:Оқушыларды қазағымыздың салт дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет , кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

Сахнада бір отбасының құрып ,стол жасап отырғызылады.бұл отбасы үлкен шаңырақ, екінші отбасы келіп сәлем беріп көріседі.

Үлкен отбасынан ата шығып , көрісу туралы мағлұмат береді,

Алмұрат ата :Таң сібірлеп атысымен , көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасын алдын ала дайындалып ұйған дастарханын жаяды .Міндетті түрде бауырсақ пісіріп , дастарханға тәтті –пәтісімен қосып үйіп қояды.

Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады.Бір –біріне «Бір жасыңмен !»дейді Оли «Бір жасқа есеюіңмен!Осы жылға аман –есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді.Содан кейін әр отбасы көршелерімен көріседі.Жасы кіші отбасы мүшелері, жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады.

Міндетті түрде әр адам үш үйдің есігін ашу керек , яғни түске дейін үш үйге кіріп , көрісіп үлгеруі керек.Кішкентай балаларға аналары пакет ұстатып қояды.Бала қай үйге көрісуге кірсе , сол үйдің дастарханынан ауыз тиіп, бауырсақ, тәттілерден пакетіне салып алады.Қазақ қашанда дастарханын айырқша қастерлеген .Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін , дастарханымыз аралас болсын , қарым –қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.